«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ
Басқарма шешімімен бекітілген
_.______. 20___ж.
№____/20_____ хаттама

УтвержденРешением Правления
ДБ АО «Банк Хоум Кредит»
От _____.______.20____ г.
Протокол №____/20___

## Бастапқы оқыту шарты

Осы бастапқы оқыту шарты (бұдан әрі – Шарт) «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ-мен (бұдан әрі – Банк) еңбек қатынастарында тұрмайтын жеке тұлғаларды (бұдан әрі – Білім алушылар) оқытудың стандартты талаптарын айқындайды.

### 1. Шарттың мәні және оқытудан өту тәртібі

1.1. Банк білім алушыларды оқытуды осы шартта анықталған тәртіп пен талаптарғасәйкес ұйымдастырады.

1.2. Оқытудың бағыты мен оқытуды жүргізу үшін жауап беретін Банктің құрылымдық бөлімшесі осы шартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша Білім алушы қол қоятын білім алуға өтініште (бұдан әрі - өтініш) анықталады.

1.3. Оқыту кезеңі, уақыты мен орны өтініште көрсетіледі.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

**2.1. Білім алушы міндеті:**

2.1.1. оқытуды жүргізуге қажетті құжаттарды Банктің Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департаментінің уәкілетті жұмыскеріне тапсыруға;

2.1.2. оқыту үдерісіне ұқыпты қарауға, оқыту жетекшісінің тапсырмаларын уақытында орындауға;

2.1.3. оқуға кедергі келтіретін және/немесе мүмкіндік бермейтін жағдайлардың орын алуы, сонымен бірге мұндай жағдайлардың орын алу қаупі туралы Банкке дереу хабарлауға;

2.1.4. оқыту кезеңі ішінде ішкі еңбек тәртібі ережелері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт және ақпараттық қауіпсіздік, Банк ғимаратына кіру тәртібі және т.с.с. қатысты Банктің ішкі рәсімдерін сақтауға;

2.1.5. Банктің құрал-жабдығына, шығын материалдарына және өзге мүлкіне мұқият қарауға;

## Договор первичного обучения

Настоящий договор первичного обучения (далее – Договор) определяет стандартные условия обучения в ДБ АО «Банк Хоум Кредит» (далее – Банк) физических лиц, не состоящих в трудовыхотношениях с Банком (далее – обучаемые).

### 1. Предмет договора и порядок прохождения обучения

1.1. Банк организует обучение Обучаемых в порядке и на условиях, определенных настоящим договором.

1.2. Направление обучения и структурное подразделение Банка, ответственное за проведение обучения, определяются в заявлении на обучение, подписываемом Обучаемым лицом (далее - заявление) по форме согласно приложению к настоящему договору.

1.3. Период, время и место обучения определяются в заявлении.

### 2. Права и обязанности сторон

**2.1. Обучаемый обязуется:**

2.1.1. предоставить уполномоченному работнику Департамента по работе с персоналом Банка документы, необходимые для проведения обучения;

2.1.2. добросовестно относиться к процессу обучения, своевременно выполнять задания руководителя обучения;

2.1.3. незамедлительно уведомлять Банк о наступлении обстоятельств, создающих препятствия и/или не позволяющих обучаемому проходить дальнейшее обучение, а также об угрозе наступления таких обстоятельств;

2.1.4. соблюдать внутренние процедуры Банка в период обучения, касающиеся правил внутреннего трудового распорядка, требований по охране труда и технике безопасности, пожарной и информационной безопасности, порядку допуска в здание Банка и т.п.;

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

2.1.6. қажет болған жағдайда, оқыту аяқталғаннан кейін тестілеуден өтуге;
2.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мұндай мәліметтерді ұсынуды қоспағанда, осы шартты жасасу нәтижесінде белгілі болған коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді (бұдан әрі – құпия ақпарат) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жарияламауға. Құпия ақпаратты құрайтын мәліметтердің тізбесі осы Шартқа №2 қосымшада айқындалған;
2.1.8. егер осы Шарт тоқтатылғаннан кейін білім алушымен еңбек шарты жасалынбайтын болса, Шарт тоқтатылған сәтте білім алушының иелігінде болатын қағаз немесе кез келген басқа да тасымалдауыштағы құпия ақпарат пен барлық мүлікті қайтаруға;
2.1.9. Банктің мүлкіне залал келтірілген жағдайда, келтірілген залалды өтеуге міндетті.

**2.2 Банк міндеті:**
2.2.1. оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге, білім алушыға оқуға қажетті ақпарат пен материалдарды ұсынуға.
2.2.2. Білім алушы оқуға қажетті барлық ақпарат пен материалдарды алуға құқылы.
2.2.3. Білім алушы бұл туралы оқытуды жүргізетін Банк жұмыскерін жазбаша хабардар ете отырып, кез келген сәтте оқудан бас тартуға құқылы.

**2.3. Банк құқылы:**
2.3.1. оқыту нысанын, тәртібін, әдісітерін және оқыту бағдарламасын жеке анықтауға;
2.3.2. оқытуды жүргізу үшін үшінші тұлғаларды тартуға;
2.3.3. білім алушының алған білімі мен дағдыларын тестілеу арқылы немесе өзге жолмен тексеруді ұйымдастыруға;
2.3.4. білім алушыға оқыту нәтижелері бойынша еңбек шартын жасасуды ұсынуға;
2.3.5. Банктің веб сайтында (www.homecredit.kz) ақпаратты

2.1.5. бережно относиться к оборудованию, расходным материалам и иному имуществу Банка;
2.1.6. при необходимости по окончании обучения пройти тестирование;
2.1.7. не разглашать третьим лицам сведения, составляющие коммерческую и иную охраняемую законом тайну (далее – конфиденциальная информация), ставшие известными в результате заключения настоящего договора, без предварительного письменного согласия Банка, за исключением предоставления такой информации государственным органам и должностным лицам в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. Перечень сведений, составляющих конфиденциальную информацию, определён в приложении №2 к настоящему договору;
2.1.8. в случае если после прекращения настоящего Договора с обучаемым не будет заключен трудовой договор, возвратить Банку все имущество и конфиденциальную информацию на бумажных или любых других носителях, которые на момент прекращения Договора находятся во владении обучаемого;
2.1.9. в случае причинения вреда имуществу Банка возместить причиненный вред.

**2.2. Банк обязуется:**
2.2.1. обеспечить организацию обучения, предоставить информацию и материалы, необходимые для проведения обучения Обучаемого.
2.2.2. Обучаемый вправе получать информацию и материалы, необходимые для проведения обучения.
2.2.3. Обучаемый вправе в любой момент отказаться от обучения, письменно проинформировав об этом работника Банка, проводящего обучение.

**2.3. Банк вправе:**
2.3.1. Самостоятельно определятьформы, порядок, методы обучения и программу обучения;
2.3.2. привлекать для проведения обучения третьих лиц;
2.3.3. организовать проверку

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

орналастыру арқылы шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге;

2.3.6. Білім алушыға осы шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген сәтте шарттан бас тартуға құқылы.

### 3. Тараптардың жауапкершілігі

Осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағызаңнамасы бойынша жауапты болады.

### 4. Шарттың әрекеті

4.1. Осы шарт білім алуға өтініште көрсетілген күннен бастап жасалған болып есептеледі.

4.2. Осы шарт тараптар өз міндеттемелерінтолық орындағаннан кейін, сонымен бірге Шартта көзделген жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

### 5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы шарт қосылу шарты болып табылады және Банктің www.homecredit.kz веб-сайтында орналастырылуға жатады.

5.2. Осы шартта реттелмеген барлық мәселелер Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.3. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Осы шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында айырмашылық болса, орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

приобретенных знаний и навыков Обучаемого путем проведения тестирования или иным образом;

2.3.4. предложить Обучаемому заключить трудовой договор по результатам обучения;

2.3.5. в одностороннем порядке изменять условия договора путем размещения информации на веб-сайте Банка (www.homecredit.kz);

2.3.6. в любой момент отказаться от договора, направив Обучаемому письменное уведомления не менее чем за 1 (один) рабочий день до предполагаемой даты отказа от настоящего договора.

### 3. Ответственность сторон

За невыполнение или ненадлежащее выполнение обязательств по настоящему договору, стороны несут ответственность в соответствии с действующим законодательствомРеспублики Казахстан.

### 4. Действие договора

4.1. Настоящий договор считается заключенным с даты, указанной в заявлении на обучение.

4.2. Настоящий договор прекращает свое действие после полного исполнения обязательств сторонами, а также вслучаях, предусмотренных Договором.

### 5. Заключительные положения

5.1. Настоящий договор является договором присоединения и подлежит размещению на веб-сайте Банка www.homecredit.kz.

5.2. Все вопросы, не урегулированные настоящим договором, разрешаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан по месту нахождения Банка или его филиала.

5.3. Настоящий Договор составлен на государственном и русском языках. В случае расхождения текстов настоящего Договора на государственном и русском языках преимущество имеет текст на русском языке.

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**№1 қосымша**
**Бастапқы оқыту шартына**
**(_______ ж. ___ ____№**
**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ Басқарма**
**шешімімен бекітілген)**

**Приложение №1**
**к договору первичного обучения**
**(утвержден решением Правления**
**ДБ АО «Банк Хоум Кредит»**
**от ___________ №____)**

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ
Қазақстан Республикасы, 050059
Алматы қ., Назарбаев д-ғы, 248
Тел.: +7 (727) 244 54 77
Факс:+7 (727) 244 54 90

ДБ АО «Банк Хоум Кредит»
Республика Казахстан, 050059
г. Алматы, пр. Назарбаева, 248
Тел.: +7 (727) 244 54 77
Факс:+7 (727) 244 54 90

## БІЛІМ АЛУҒА ӨТІНІШ / ЗАЯВЛЕНИЕ НА ОБУЧЕНИЕ

| | |
|---|---|
| **БІЛІМ АЛУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР/ ДАННЫЕ ОБУЧАЕМОГО** | |
| 1. Білім алушының аты-жөні/ФИО Обучаемого | |
| 2. Білім алушының телефон нөмірі/Номер телефона Обучаемого | |
| 3. Білім алушының жеке куәліктің нөмірі/Номер удостоверения личности Обучаемого | |
| **ОҚЫТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ/ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ОБУЧЕНИИ** | |
| 2. Оқыту мәні/Предмет обучения: | |
| 3. Оқытуды жүргізуге жауапты Банктің құрылымдық бөлімшесі/Структурное подразделение Банка, ответственное за проведение обучения: | |
| 4. Оқыту жетекшісінің аты-жөні/ФИО сотрудника, проводящего обучение: | |
| 5.Оқу орны/Место обучения (город, адрес): | |
| 6.Оқыту мерзімі мен кезеңі/Срок и период обучения __ күн / дней С ___/___/20___ по ___/___/20___ | |
| 7. оқыту уақыты/время обучения: ежедневно с __:__ до __:__ | |
| 8. Жауаптардың 80 % дұрыс болса, тестілеу нәтижесі сәтті болып есептелінеді (оқыту қорытындысы бойынша тестілеу қарастырылған жағдайда)/Результат тестирования считается успешным при наборе 80 % правильных ответов (если по итогам обучения предполагается тестирование) | |
| 9. Өтініш берушіге, оқуға қатысу нақты рұқсатының берілуі, өтініш берушінің «Хоум Кредит Банк»АҚ ЕБ Басқармасының №__ _______ жылғы шешімімен бекітілген, Банктің оқыту жөніндегі үлгілік шартына қосылғандығын білдіреді./Фактический допуск Обучаемого к обучению означает присоединение к типовому договору первичного обучения ДБ АО «Банк Хоум Кредит» (далее - Банк), утвержденному решением Правления Банка от ____________ № ___ /2021 | |
| 10. Нысанды толтырған (Банк өкілінің аты-жөні)/ Форму заполнил (ФИО представителя Банка): | |
| 11. Банк өкілінің қолы/ Подпись представителя Банка: | |
| 12. Осы арқылы Банкке осы өтінішке сәйкес оқу шартын жасасу және орындау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілетін кез келген тәсілмен менің дербес, оның ішінде биометриялық (аудиожазба және фотобейнелерді) деректерімді жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға, оның ішінде менің дербес деректерімді үшінші тұлғаларға беруге және деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруға мерзімсіз келісімімді беремін. Осы арқылы Банктің ресми веб-сайтында (www.homecredit.kz) орналастырылған оқу шартының талаптарымен танысқанымды және онымен келісетінімді растаймын, осы шартқа толықтай және сөзсіз қосыламын./ Настоящим даю бессрочное согласие Банку на сбор, обработку, хранение и использование любым допускаемым законодательством Республики Казахстан способом моих персональных, в том числе биометрических (аудиозапись и фотоизображения), данных в целях заключения и исполнения договора обучения в соответствии с настоящим заявлением, в том числе с правом передавать мои персональные данные третьим лицам, в том числе осуществлять трансграничную передачу данных.<br>Настоящим подтверждаю, что ознакомился и согласен с условиями договора обучения, размещённого на официальном веб-сайте Банка (www.homecredit.kz), к которому настоящим присоединяюсь полностью и безоговорочно. | |
| 14. Ақпараттық қауіпсіздік бойынша нұсқамадан өттім/Инструктаж по информационной безопасности пройден.______________________(подпись Обучаемого) | |
| 15. Мәліметтерді растаймын (білім алушының қолы)/ Данные подтверждаю (подпись Обучаемого): | |
| 16. Өтінішке қол қойылған күн/ Дата подписания заявления | ____/____/20___ |
| 17. Мөр/ Печать | |

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

**№2 қосымша**
**Бастапқы оқыту шартына**
**(_______ ж. _______№**
**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ Басқарма шешімімен бекітілген)**

## Құпия ақпаратты құрайтын мәліметтер

Банктің құпия ақпараты деп Банктің коммерциялық және банктік құпиясы және білім алушы оқу барысында алған, сондай-ақ, басқа жолмен оған мәлім болған, қол жетімділігі шектеулі және жалпыға қол жетімді болмайтын ақпарат танылады.

Банк құпиясына банктің клиенттері мен корреспонденттері, олардың операциялары мен көрсетілетін банктік қызметтерді алуға байланысты банктермен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер, оның ішінде шектеусіз: банктік шоттардың бар екендігі, олардың иелері мен нөмірлері және банктердің корреспонденттері, осы шоттардағы және банктің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы, аударылған шоттардағы шектеулер (мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру, тыйым салу, кепілдер туралы шешімдері және (немесе) өкімдері), клиенттер мен корреспонденттердің және банктің өз операциялары (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарын қоспағанда), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарымен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүлкінің болуы, иелері, сипаты мен құны туралы ақпарат, клиенттердің кредит алу (осы бапта айқындалған жағдайлардан басқа), төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, оның ішінде банктік шотты ашпай орындалатын операцияларды жүргізу туралы ақпарат кіреді.

Коммерциялық құпия үшінші тұлғаларға беймәлім болғанына орай нақты немесе болжамды коммерциялық құндылығы бар, ұсыну және бар болу үлгісіне қарамастан, тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен үдерістер туралы мәліметтерді қамтиды. Коммерциялық купияға Банктің қызметі

**Приложение №2**
**к договору первичного обучения**
**(утвержден решением Правления ДБ АО «Банк Хоум Кредит»**
**от __________ №____)**

## Сведения, составляющие конфиденциальную информацию

Под конфиденциальной информацией Банка понимается коммерческая и банковская тайна Банка и любая другая информация, полученная обучаемым в ходе обучения, а равно ставшая ему известной иным способом, в случаях, если доступ к такой информации ограничен, и указанная информация не является общедоступной.

Банковская тайна включает информацию о клиентах и корреспондентах банков, их операциях и взаимоотношениях с банками, связанных с получением банковских услуг, в том числе без ограничения: информацию о наличии, владельцах и номерах банковских счетов и корреспондентов банков, остатках и движении денег на этих счетах и счетах самого банка, ограничениях на перечисленных счетах (решениях и (или) распоряжениях государственных органов о приостановлении расходных операций, арестах, залогах), операциях клиентов и корреспондентов и самого банка (за исключением общих условий проведения банковских операций), а также наличии, владельцах, характере и стоимости имущества клиентов, находящегося на хранении в сейфовых ящиках, шкафах и помещениях Банка, информацию о получении клиентами кредитов (кроме случаев, определенных в настоящей статье), проведении операций по платежам и (или) переводам денег, в том числе выполненным без открытия банковского счета.

Коммерческая тайна включает в себя сведения о лицах, предметах, фактах, событиях, явлениях и процессах независимо от формы их представления и существования, имеющие действительную или потенциальную коммерческую ценность в силу

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.

мен даму жоспарына қатысты мәліметтер; қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері; электрондық-есептеу техника құралдарында өңделетін ақпаратты қорғау; еңбекті ұйымдастыру, Банк мүлкінің қаржылық жай-күйі; нарықты және сату процесін зерттеу әдістері; сату көлемі мен құрылымы; Банк серіктестері; кредиттік өнімдер; мәмілелер мен шарттарды жасасу талаптары; Банкте қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз етуе; Банк қызметкерлерінің жалақысы, Банк қызметкерлерін оқытудың бағдарламалары мен әдістері; сондай-ақ Банк қызметкерлерінің жеке парақтарындағы мәліметтер жатады.

неизвестности ее третьим лицам. К коммерческой тайне относятся сведения, касающиеся деятельности и планов развития Банка; вопросов обеспечения безопасности; защиты информации, обрабатываемой на средствах электронно-вычислительной техники; организации труда; финансового состояния имущества Банка; методов изучения рынка и продаж; объемов и структуры продаж; партнеров Банка; кредитных продуктов; условий заключения сделок и договоров; используемого в Банке программного обеспечения; заработной платы работников Банка; программ и методов обучения работников Банка; а также сведения, содержащиеся в личных листках работников Банка.

This item's classification is Internal. It was created by and is in property of the Home Credit Group. Do not distribute outside of the organization.